



# Конституцияға енгізілетін тұзетулердің мазмұны

*Сіздің дауысыңыз маңызды!*



*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі*



# Президент өкілеттіктерін қысқарту

## (Конституцияның 44, 82, 87, 88-баптарына түзетулер)

### ҚАЗІР

- Президент әкімдердің актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұруы мүмкін.
- Президент аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, қаладағы ауданнның, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдерін қызметінен босатады.
- Президент Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын және басқа да адамдарын жекедара тағайындаиды.
- Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындаиды.

### БОЛАДЫ

- Президенттің әкімдер актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру жөніндегі құқығын алып тастау.
- Президент аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, қаладағы ауданнның, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдерін қызметінен босату құқығын алып тастау.
- Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Парламент **Сенатының келісімімен** Республика Президенті тағайындаиды.
- Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе Республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындаиды. **Бұл ретте Президент дауыс беру өткізілетін кемінде екі кандидатура ұсынады.**

### Оң салдары

- «Суперпрезиденттік» басқару нысанынан "құатты Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет" қағидаты бойынша құрылған мемлекетке көшу, Парламент пен мәслихаттардың ықпалын күшейту.
- Мемлекет басшысының жергілікті атқарушы органдарға ықпалын төмендету және оларға жергілікті жерлерде шешімдер қабылдау кезінде көбірек дербестік беру.
- Жергілікті атқарушы органдардың күшеоіне және тұтастай алғанда, мемлекеттің саяси жаңғыртылуына ықпал етеді.

# Президентке және оның жақын тұыстарына қосымша шектеулер енгізу (Конституцияның 43-бабына түзету)

## ҚАЗІР

- Жоқ.

## БОЛАДЫ

- Өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде ҚР Президентінің саяси партияларға мүшелігіне заңнамалық тыйым салу.
- Президенттің жақын тұыстары үшін квазимемлекеттік секторда саяси лауазымдарды, басшылық лауазымдарды атқаруға заңнамалық тыйым салу.

## Оң салдары

- Бұл жаңалық барлық мемлекеттік аппараттың жұмысына оң әсер етеді және саяси бәсекелестікті арттыруға ықпал етеді және барлық партиялардың дамуы үшін тең жағдай жасайды.
- Мұндай норманы енгізу бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына, мемлекеттік секторда меритократияны одан әрі дамыту мен нығайтуға, сондай-ақ елдің барлық азаматтары үшін тең жағдайлар жасауға оң әсерін тигізеді.

# **Саяси партияларға мүше болу**

## **(Конституцияның 23-бабына тұзету)**

### **ҚАЗІР**

- Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдамауы тиіс.

### **БОЛАДЫ**

- Республиканың Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдамауы тиіс.

### **Оң салдары**

- Партиялық құрылымдардың мемлекеттік аппаратпен бірге мәселесін алып тастау.
- Саяси бәсекелестікті арттыру және барлық партиялардың дамуы үшін тең жағдайлар жасау.

# Парламент Сенатын қалыптастыру (Конституцияның 50-бабына түзетулер)

## ҚАЗІР

- Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың **15** депутатын Республика Президенті тағайындауды.

## БОЛАДЫ

- Сенатта **10** депутатты Президент тағайындауды, олардың **бесеүін** Қазақстан Халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындауды.

## Оң салдары

- Сенаттың тағайындалатын депутаттарын қысқарту арқылы Мемлекет басшысының ықпалын қысқарту.

# Парламент Мәжілісін қалыптастыру (Конституцияның 50-52 - баптарына түзетулер)

## ҚАЗІР

- Парламент Мәжілісінің депутаттары партиялық тізімдер бойынша сайланады.
- Мәжіліс пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша **партиялық тізімдер** негізінде сайланатын **107** депутаттан тұрады (олардың 9-ын Қазақстан Халқы Ассамблеясы сайлайды). Яғни, қазір азаматтар партияға дауыс береді.

## БОЛАДЫ

- Мәжілістің депутаттық корпусын 70/30 схемасы бойынша қалыптастыру жоспарлануда. 70% (69 депутаттар) – **партиялық тізімдер бойынша**, 30% (29 депутаттар) – **бір мандатты округтер бойынша**.
- Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасын алып тастау.

## Оң салдары

- Пропорционалды мажоритарлық модель үлттық және аймақтық деңгейлерде сайлаушылардың мүдделерін жақсырақ көрсетеді.
- Сайлаушылар аумақтық сайлау округінен нақты депутатты тандауға мүмкіндік алады.
- Депутаттардың да, депутатқа дауыс берген сайлаушылардың да өзара жауапкершілігі.
- Сайлаушыларда тиісті округ депутатын кері шақырып алу мүмкіндігі пайда болады.

# **Парламент Палаттарының жаңа өкіліттіктері**

## **(Конституцияның 44, 55, 56, 62, 82-баптарына түзетулер)**

### **ҚАЗІР**

- **Сенат:** Ұлттық Банк, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас Прокурор тәрағаларының кандидатураларын келіседі.
- Сенаттың ерекше қарауына Бас Прокурорды, Жоғарғы Соттың Тәрағасы мен судьяларын оларға **ешкімнің тиіспеуі құқығынан** айыру жатады.

### **БОЛАДЫ**

- **Сенат: Конституциялық Сот, Жоғары Сот Кеңесі,** Ұлттық Банк, Ұлттық қауіпсіздік комитеті тәрағаларының, Бас Прокурордың кандидатураларын келісетін болады.
- Сенаттың ерекше қарауына айыру **Адам құқықтары жөніндегі үәкілді ешкімнің тиіспеуі құқығынан** жатады.
- Мәжіліс жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата тәрағасының есебін тыңдайтын болады.

### **Оң салдары**

- Адам құқықтары жөніндегі үәкілдің адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі тәуелсіз қызметті жүзеге асыру үшін кепілдіктер беру.
- Республикалық бюджет қаражатының жұмысалуына және мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына парламенттік бақылауды күшайту жүргізіліп жатқан реформаларды тиімді іске асыруға, мемлекеттің экономикалық дамуын жақсартуға, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға алып келеді.

# Заң шығару процесі

## (Конституцияның 44, 53, 54, 55, 56, 61, 62, 82-баптарына түзетулер)

### ҚАЗІР

- Барлық заң жобалары, оның ішінде конституциялық заңдардың жобалары өз кезегімен алдымен Мәжілісте, содан кейін Сенатта қаралады.
- Заң жобасы Парламенттің екі палатасы мақұлдағаннан кейін Заңға айналады.
- Жоқ.

### БОЛАДЫ

- Заң жобасын Мажіліс қарайды және ол қабылданған жағдайда Заңға айналады.
- Сенат Мажіліс қабылдаған заңды тұтастай немесе оның бір бөлігін мақұлдауға не мақұлдамауға құқылы.
- Конституциялық заңдардың жобалары Парламент палаталарының **бірлескен** отырыстарында қаралатын болады.
- Дағдарыс жағдайларында халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылымсқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкімет заң күші бар үақытша актілер қабылдауға құқылы болады.

### Оң салдары

- Парламент Мажілісін күшейту.
- Заң шығару рәсімдерін оңайлату, өйткені енді заң қабылдау туралы шешім негізінен Парламенттің төменгі палатасына байланысты болады.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің дағдарыстық жағдайларға жедел ден қою үшін мүмкіндіктер жасау. Соңғы жылдардағы оқиғалар: пандемия, Қазақстан экономикалық қатынастармен байланысты мемлекеттердегі әртүрлі сипаттағы жағдайлар және т.б. осындаид жағдайлардың мысалы бола алады.

# Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін Жоғары аудиторлық палатаға қайта құру (Конституцияның 23, 44, 53, 56, 57, 58-баптарына түзетулер)



# Конституциялық Қеңестің Конституциялық Сотқа трансформациясы (Конституцияның 4, 23, 71, 72, 73, 74, 78-баптарына түзетулер)

## ҚАЗІР

- **Конституциялық Қенес**
  - Азаматтардың қолданылып жүрген зандараптың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығын тексеру туралы Конституциялық Қеңеске республика соттары арқылы өз бетінше жүгінуге құқығы жоқ.
  - Бас Прокурордың, Адам құқықтары жөніндегі үекілдің қолданыстағы зандараптың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституциялығын тексеру туралы Конституциялық Қеңеске өтініш жасауға құқығы жоқ.

## БОЛАДЫ

- **Конституциялық Сот**
  - Азаматтардың қолданыстағы зандараптың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығын тексеру туралы Конституциялық сотқа тікелей жүгінуге құқығы бар.
  - Бас Прокурордың, адам құқықтары жөніндегі үекілдің қолданыстағы зандараптың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституциялығын тексеру туралы Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы бар.

## Оң салдары

- Азаматтардың конституциялық бақылауға қол жетімділігін кеңейту.
- Адам құқықтары жөніндегі үекілдің және прокуратура органдарының құқық қорғау құралдарын күшету.
- Қоғамның және мемлекеттік аппараттың конституциялық-құқықтық мәдениетінің деңгейін, азаматтардың мемлекеттік институттарға сенімін арттыру.

# **Құқық қорғау тетіктерін күшейту**

## **(Конституцияның 83-бабына түзету және 83-1-жаңа бапты енгізу)**

### **ҚАЗІР**

- Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мәртебесі Конституцияда бекітілмеген.
- Прокуратураның құзыреті, үйымдастырылуы және қызмет тәртібі **Заңмен** белгіленеді.



### **БОЛАДЫ**

- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің **конституциялық мәртебесін** нығайту.
- Қандай да бір өзге мемлекеттік орган мен лауазымды адамдардың өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде оның қызметінің міндеттерін, Тәуелсіздік кепілдіктерін және есеп бермейтіндігін бекіту.
- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін үйымдастыру **Конституциялық заңмен** айқындалатын болады.
- Республика прокуратурасының құзыреті, үйымдастырылуы мен қызмет тәртібі **Конституциялық заңмен** белгіленеді.



### **Оң салдары**

- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқық қорғау құралдарын күшейту.
- Адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктерін нығайту.
- Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыруды нығайту.

# Әлім жазасын жою

## (Конституцияның 15-бабына түзету)

### ҚАЗІР

- Әлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс үақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

### БОЛАДЫ

- Әлім жазасына тыйым салынады.

### Оң салдары

- Конституцияда әлім жазасының күшін жою туралы мәселенің түпкілікті шешімі.
- 2021 жылы ратификацияланған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің екінші Факультативтік хаттамасына сәйкес әлім жазасынан бастарту туралы ниеттерін растау.

# Жерге меншік құқығы

## (Конституцияның 6-бабына түзету)

### ҚАЗІР

- Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар **мемлекет меншігінде болады**. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

### БОЛАДЫ

- Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар **халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады**. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

### Оң салдары

- Жер, оның қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар **халыққа тиесілі** екені нақты айқындалатын болады.
- Заң нормаларында, басқару жер халыққа тиесілі болғандықтан, үйымдастырылуы керектігі жазылатын болады.
- Қазақстан халқының іргелі және конституциялық құқықтарын қорғауды күшейту.

# Қоғамдық жұмыстарға тарту

## (Конституцияның 24-бабына түзету)

### ҚАЗІР

- Еріксіз еңбекке **соттың үкімі бойынша** не төтенше немесе соғыс жағдайларында ғана жол беріледі.

### БОЛАДЫ

- Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

### Оң салдары

- Ұсынылған новелла құқық бұзушыға, әсіресе қоғамдық тәртіпті бұзуға қол сұфатын адамдарға жақсы тәрбиелік және профилактикалық әсер етеді. Мысалы, егер адам ұсақ бұзақылық жасаса немесе қоқысты дұрыс емес жерге тастаса, бірнеше АЕК айыппулдың орнына осындағы құқық бұзушы үшін қоғамдық жұмыстарды орнатуға болады.
- Әкімшілік жазаның бұл түрі құқық бұзушының өзі үшін де, қоғам үшін де тиімді болады.
- Құқық бұзушы қоғамнан оқшауланбайды, жұмыс немесе оқу орнын жоғалтпайды, отбасы мүшелерімен байланыс үзілмейді, қаржылық ауыртпалықты көтермейді.
- Айта кету керек, көптеген дамыған елдерде мәжбүрлі еңбекті сот шешімі бойынша және шара ретінде, мысалы, құқық тәрбиелік ықпал етуі қажет кішігірім құқық бұзушылықтар үшін қолдануға рұқсат етіледі.

# Тұңғыш Президент мәртебесі бойынша түзетулерді алып тастау

## (Конституцияның 42, 46, 91-баптарына түзетулер)

### ҚАЗІР

- Бір адам қатарынан екі ретten артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. **Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.**
- Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.
- Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұастығы мен аумақтық тұастығы, оны басқару нысаны, **сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді.**

### БОЛАДЫ

- Тұңғыш Президенттің Президент сайлауына өз кандидатурасын **екі реттен артық ұсынуға мүмкіндігі** бар норма алынып тасталады.
- Тұңғыш Президенттің жекелеген заңдағы мәртебесі мен өкілеттігін айқындастырын Конституция нормасы алынып тасталады.
- Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұастығы мен аумақтық тұастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады.

### Оң салдары

- Конституциядан Тұңғыш Президент-Елбасының үқықтық мәртебесі мен өкілеттіктеріне қатысты нормаларды алып тастау ұсынылады.